

Халықтың құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне сенімділік деңгейі

(Зерттеу 2023 жылдың сәуір-мамыр айларында жүргізілді)

Релиз шығарылған күн: 17.07.2023

Келесі релиз шығарылымы: 25.01.2024

1. [Негізгі ойлар](#)
2. [Халықтың құқық қорғау органдарына сенімділік деңгейінің динамикасы](#)
3. [ҚР БП ҚСЖАЕК әкімшілік деректері](#)
4. [Глоссарий](#)
5. [Әдістемелік түсініктемелер](#)
6. [Байланысты жарияланымдарға сілтеме](#)
7. [Пайдалы сілтемелер](#)

1. Негізгі ойлар

«Халықтың құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне сенімділік деңгейі» іріктемелі зерттеуі 2023 жылдың сәуір-мамыр айларында республиканың барлық өңірлерінде, қалалық және ауылдық жерлерде жүргізілді.

Зерттеу қорытындысы бойынша прокуратураға сенетін адамдардың үлесі 57,1% құрады, ішінара сенетіндер - 30,6%, керісінше сенбейтіндер - 4,0%, сенбейтінде - 3,9%. Жауап беруге қыйналғандар үлесі 4,4% құрады.

Полиция органдарына сенетіндер үлесі 57,5% құрады, ішінара сенетіндер - 30,5%, керісінше сенбейтіндер - 3,9%, сенбейтіндер - 4,3%. Жауап беруге қыйналғандар үлесі 3,8% құрады.


Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке сенетін респонденттер үлесі 43,4% құрады, ішінара сенетіндер - 32,6%, керісінше сенбейтіндер - 5,7%, сенбейтіндер - 5,5%. Жауап беруге қыйналған респонденттер үлесі 12,8% құрады.

Өртке қарсы қызметіне сенетіндер үлесі 72,1% құрады, ішінара сенетіндер - 22,4%, керісінше сенбейтіндер - 1,2%, сенбейтіндер - 1,1%. Жауап беруге қыйналған респонденттер үлесі 3,2% құрады.

Экономикалық тергеу қызметіне сенетіндер үлесі 40,2% құрады, ішінара сенетіндер - 32,2%, керісінше сенбейтіндер - 5,8%, сенбейтіндер - 4,6%. Жауап беруге қыйналғандар үлесі 17,3% құрады.

Сот жүйесіне сенетіндер үлесін 55,2% құрады, ішінара сенетіндер - 31,0%, керісінше сенбейтіндер - 3,7%, сенбейтіндер - 4,0%. Жауап беруге қыйналғандар үлесі 6,1% құрады.

Құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне сенімділік деңгейі, пайызбен



Зерттеу нәтижелері бойынша 57,9% сұралғандардың өздері тұратын ауданда өзін толық қауіпсіз сезінеді, 33,7% жеткілікті қауіпсіз, 6,5% қауіпсіз емес, 1,1% мүлдем қауіпсіз емес және 0,8% жауап беруге қиналды.


Респонденттердің жауаптарына сәйкес, қауіпсіздіктің негізгі себептері жарықтандырудың болмауы/жеткіліксіздігі – 21,4%, шабуылға ұшыраудан қорқу – 16,0% және жалғыз шығудан қорқу – 16,7%.

[Электрондық кесетелер:](#)

[Өңірледің сенім деңгейі](#)

[Өзі тұратын ауданда жалғыз көшедегі өз қауіпсіздігін қабылдау](#)
[Сенімділік немесе сенімсіздік дәрежесінің төмен болу себептері](#)

2. Халықтың құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне сенімділік деңгейінің динамикасы



Динамикалық кесте:

- [1. Прокуратураға респонденттердің сенімділік дәрежесі](#)
- [2. Полицияға респонденттердің сенімділік дәрежесі](#)
- [3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке респонденттердің сенімділік дәрежесі](#)
- [4. Өртке қарсы қызметіне респонденттердің сенімділік дәрежесі](#)
- [5. Экономикалық тергеу қызметіне респонденттердің сенімділік дәрежесі](#)
- [6. Сот жүйесі органдарына респонденттердің сенімділік дәрежесі](#)

3. ҚР БП ҚСЖАЕК әкімшілік деректер

Өңірлер бөлінісінде бірінші жартыжылдықта қылмыстардың ең көбі Алматы қаласы (13696 жағдай), Астана қаласы (8974 жағдай), Алматы облысы (5409 жағдай), Қарағанды қаласы (4655 жағдай), Шымкент қаласы (3511 жағдай), Қостанай облысында (3032 жағдай) тіркелген.

4. Глоссарий

ҚР БП ҚСЖАЕК - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті.

Құқық қорғау органы – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін, өз құзыретіне сәйкес қылмыстылыққа және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттің саясатын іске асыратын, заңдылықты қамтамасыз ету мен қоғамдық тәртіпті қолдау, құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу, жолын кесу, тергеу, қылмыстық істер бойынша сот шешімдерін атқару жөнінде арнаулы өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган;

Қылмыс – Қазақстан Республикасы Қылмыстық заңнамасында айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік).

5. Әдістемелік түсініктемелер

Осы жарияланымда «Халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімділік деңгейі» іріктемелі зерттеуінің нәтижелері келтірілген.

Зерттеуге іріктемелі әдіспен іріктелген 18005 үй шаруашылығы немесе республикадағы үй шаруашылықтарының жалпы санының 0,35%-ы қатысты. Іріктемелі зерттеу жүргізу кезінде 15 және одан жоғары жастағы үй шаруашылығының бір мүшесі сұралды.

Тексерудің мақсаты-халықтың құқық қорғау органдарына деген сенім деңгейі туралы, өз қауіпсіздігін қабылдау және қылмыс деңгейін субъективті бағалау туралы репрезентативтік деректер алу, сондай-ақ құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер алу.

Тексеру халыққа сауал қою және мәліметтерді статистикалық нысанға жазу арқылы жүзеге асырылады. Сауалнама арнайы дайындалған интервьюерлердің үй шаруашылықтарына баруы арқылы сұхбат жүргізу әдісімен жүзеге асырылады.

Зерттеудің статистикалық нысаны келесі бөлімдерден тұрады:

- респондент туралы мәліметтер;
- өз қауіпсіздігін қабылдау және қылмыс деңгейін субъективті бағалау;
- құқық қорғау органдарына сенім дәрежесі;
- құқық бұзушылық туралы мәліметтер.

Зерттеу көрсеткіштері барлық халыққа таратылып келтірілді.

Жекелеген жағдайларда қорытынды мен қосылғыштар сомасы арасындағы елеусіз алшақтықтар деректерді дөңгелектеумен түсіндіріледі.

6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер

[ҚР БП ҚСЖАЕК ресми сайты - Qamqor.gov.kz](http://qamqor.gov.kz)

7. Пайдалы сілтемелер

[Статистика бойынша әдіснамалық ережелер](#)

[«Халықтың құқық қорғау органдарына сенімділік деңгейіне іріктемелі зерттеу жүргізу бойынша әдістеме»](#)

[УДН нысан «Халықтың құқық қорғау органдарына сенімділік деңгейі»](#)

[Құқық бұзушылық статистикасы, Сапа туралы есеп, 2021ж.](#)

[Ақпараттық-аналитикалық жүйе «Талдау»](#)

Шығарылымға жаупты:	Департамент Директоры:	Орындаушы:	Мекенжай:
Халық статистикасы департаменті	Н. Ханжигитов Тел. +7 7172 749061	Б. Тиштенова Тел. +7 7172 749374 E-mail: be.tishtenova@aspire.gov.kz	010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс